

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК

### Торайғыров университета

Экономическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Экономическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ93VPY00029686

выдано  
Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области экономики, управления,  
финансов, бухгалтерского учета и аудита

**Подписной индекс – 76133**

<https://doi.org/10.48081/NCQE5133>

---

**Бас редакторы – главный редактор**  
Давиденко Л. М.  
*доктор PhD*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*  
Шеримова Н. М., *магистр*

**Редакция алкасы – Редакционная коллегия**

|                    |                                              |
|--------------------|----------------------------------------------|
| Шмарловская Г. А., | <i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>         |
| Кунязов Е. К.,     | <i>доктор PhD, доцент;</i>                   |
| Алмаз Толымбек,    | <i>доктор PhD, профессор (США);</i>          |
| Мукина Г. С.,      | <i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i> |
| Алтайбаева Ж. К.,  | <i>к.э.н.</i>                                |
| Мусина А. Ж.,      | <i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>     |
| Титков А. А.,      | <i>к.э.н., доцент;</i>                       |
| Омарова А. Р.      | <i>технический редактор.</i>                 |

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/VWBU6257>

**\*А. О. Сыздықова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан Республикасы

email: [aziza.syzdykova@ayu.edu.kz](mailto:aziza.syzdykova@ayu.edu.kz)

ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-1377-0026>

## **ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН НЕСИЕЛЕУДІ ТАЛДАУ**

*Қазақстан экономикасының іргетастарының бірі саналатын шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) елдің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде шешуші рөл атқарады. ШОК субъектілері жұмыспен қамтуды арттыру, инновациялар мен бәсекеге қабілеттілікті нығайту сияқты факторлармен экономикалық экожүйені байытады. ШОК субъектілерінің Қазақстан экономикасына қосқан үлесі айтарлықтай өсуде. 2022 жылы ЖӨӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі 33,5 %-ды құрайды. Алайда бұл кәсіпорындардың қаржыға қол жеткізудегі қиындықтары олардың толық әлеуетін жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін. Осы тұрғыда ШОК субъектілерін қаржыландыру қажеттіліктері, әсіресе ШОК несиелері олардың экономикалық өсуді қолдау әлеуеті тұрғысынан да, қаржылық қолжетімділік тұрғысынан да маңызды мәселеге айналды. Мақалада Қазақстандағы ШОК несиелерінің ағымдағы жағдайы, қаржыландыру үлгілері, нормативтік база және болашақ перспективалар сияқты негізгі мәселелер талданды. Зерттеу барысында салыстырмалы және динамикалық талдаудың жалпы ғылыми әдістері, Қазақстан экономикасына несиелік инвестицияларды кешенді бағалау және т.б. қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистика Бюросының және Ұлттық Банктің ресми статистикалық деректері құрайды. Бұл зерттеу Қазақстанның экономикалық өсімін қолдайтын осы маңызды секторды нығайтуға үлес қосуға бағытталған.*

*Кілтті сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, кәсіпорын, дара кәсіпкерлік, несие, екінші деңгейлі банктер, экономика салалары.*

### **Кіріспе**

Шағын және орта кәсіпорындар өзінің икемді және табысты өндірістік құрылымымен, әлеуметтік дамуымен және экономикалық өсуімен, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтуға қосқан үлесімен және осыған ұқсас сипаттамаларымен әлемдік экономикада маңызды орын алады. Әлем елдерінің қазіргі экономикаларына қарасақ, кәсіпорындардың 95–99 % дерлік ШОК субъектілері болып табылады. ШОК субъектілері жұмыспен қамтудың 40-80 %-ын, жалпы ішкі өнімнің 30-70 %-ын, инвестициялардың 30-60 %-ын, экспорттың 10-40 %-ын құрайды. Осы ерекшеліктерімен ШОК субъектілері экономикалық және әлеуметтік құрылымның негізін құрайды [1]. Әлемдік экономикаларда және біздің елімізде ел экономикасына қосқан үлесін ескере отырып ШОК субъектілеріне қолдау көрсету маңызды рөл атқарады. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында айтарлықтай үлесі бар ШОК субъектілерін қолдау және дамыту мақсатында елімізде көптеген мекемелер мен ұйымдар жұмыс істейді. Бұл мекемелер мен ұйымдар ШОК субъектілеріне әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсетеді. Негізгі қаржылық қолдаулар – банктік несиелер, мемлекеттік көмек және ынталандыру.

Қазіргі уақытта шаруашылық жүргізуші субъектілерді несиелеу мәселелерін зерттеу өте өзекті болып табылады. Экономика салаларын несиелендірудің дамуын зерттеу шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде келтірілген. ШОК секторына берілген несиелердің экономикалық өсуге әсері, осы кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері және несиені пайдалану туралы әдебиеттер жаһандық ауқымда кең перспективаны береді және осы саладағы маңызды үрдістер мен мәселелерді ашады. R.Calabrese және т.б. [2], C.W.Cheong және т.б. [3], R. Mushtaq және т.б. [4] зерттеулерінде шағын және орта бизнестің қаржыға қолжетімділігі, қаржылық нәтижелер және несиені пайдалану мәселелерін талқылаған. Қазақстандық зерттеушілер К.К. Рахимжанова және С.Б.Мақыш атап өткендей, несиелендіруді дамыту қаржылық тұрақтылық пен экономикалық өсуді ескере отырып, яғни экономиканың нақты секторына инвестициялау арқылы отандық банк секторының негізгі функцияларында шешуші рөл атқарады [5]. Несиелік ұйымдар ақша капиталын жинақтайды және жұмылдырады, оны шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін ресурстардың маңызды көзіне айналдырады. Н. К. Кучукова және т.б. зерттеуінде [6] Қазақстан экономикасында елдің әлемдік стандарттардан артта қалып келе жатқан технологиялық артта қалуымен байланысты бірқатар ішкі

проблемалар бар екенін атап өтті. Негізгі себептерге кәсіпорындардың меншікті қаражатының жеткіліксіздігі, сондай-ақ инвестициялау мен несиелеудің қолайсыз шарттары жатады. Несиелік қатынастарды зерттеу елдің қаржы-несие жүйесінің жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Несиелеу көлемдерінің төмендеуі экономиканың нақты секторын қаржылық қамтамасыз ету деңгейінде көрінеді [7]. Ұлттық холдингтер мен даму институттарының қаржылық мүмкіндіктерін пайдаланумен қатар дағдарысқа қарсы шаралар кешенінде коммерциялық банктер экономиканың негізгі салаларындағы жағдайды тұрақтандыру үшін қаржы-несие ресурстарының қозғалысының негізгі арнасы ретінде әрекет етеді. Кейбір зерттеулерде экономикалық өсу көрсеткіштері, екінші деңгейдегі банктердің несиелік инвестициялары, банктік және нақты секторларды дамытудың негізгі параметрлері арасындағы байланысты бағалау келтірілген [8]. Авторлар несиелеу тенденциялары мен қазіргі кезеңдегі несиесі саясатының қалыптасу ерекшеліктерін атап өтіп, несиелеу процесіне модернизация мен инновацияларды енгізу қажеттілігін көрсетеді. Экономиканың нақты секторын дамытудағы банктік несиелеудің шешуші рөлі көптеген зерттеулерде жеткілікті түрде егжей-тегжейлі көрсетілген. Сонымен бірге, елдегі макроэкономикалық жағдайдың нашарлауының қазіргі жағдайында тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі несиелеудің рөлін қарастырудың тәсілдері мен принциптеріндегі басымдықтар айтарлықтай өзгеруде. Осыған байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілерді несиелеудің даму динамикасын, оған әсер етуші факторларды, қаржы-несие ұйымдарының несиелік қызметін реттеу және ынталандыру құралдарын талдау айтарлықтай қызығушылық тудырады.


### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың несиелік қатынастар, несиес беру және несиесі ұйымдарының шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара іс-қимылы саласындағы еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту және экономиканы қаржылық қолдау саласындағы нормативтік құжаттары болды. Зерттеу барысында салыстырмалы және динамикалық талдаудың жалпы ғылыми әдістері, Қазақстан экономикасына несиелік инвестицияларды кешенді бағалау және т.б. қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау және Реформалар Агенттігінің Ұлттық Статистика Бюросының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми статистикалық деректері және екінші деңгейдегі банктердің есептілігі мен аналитикалық ақпараттары құрайды.

### Нәтижелер мен талқылау

Қазақстанда жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2022 жылғы жағдай бойынша 1 431 647 бірлікті құрайды [9]. ШОК субъектілерінің ерекшелігі – олар экономиканың барлық дерлік салаларында дами алады. Бұл әртүрлі кәсіптік білімі бар халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 1 367 мың адамды құрайды. Жұмыспен қамтылған халықтың және жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің Қазақстан экономикасына қосқан үлесі айтарлықтай өсуде. 2022 жылы ЖӨӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі 33,5 %-ды құрайды. 2010 жылы бұл көрсеткіш 20 %-ды құраған. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің басым бөлігі Қазақстанның екі республикалық маңызды қалаларында және үш облысында (Алматы және Астана қаласы, Түркістан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары) орналасқан. Аталмыш облыстарда ШОК субъектілердің жартысынан астамы (51,66 %) шоғырланған, оның ішінде Алматы және Астана қаласында жұмыс істейтін субъектілердің үлесі сәйкесінше 14,4 % және 11,39 %, Түркістан облысында 10,11 %, Алматы облысында 9,06 %, Шығыс Қазақстан облысында 6,7 %.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің төрт негізгі түрі дамып келеді. Олардың құрылымы 1-суретте көрсетілген.




Сурет 1 – 2022 жылғы жағдай бойынша Қазақстандағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің құрылымы, %  
Ескерту- [9] негізінде автор құрастырған.

Қазақстандағы ШОК субъектілерінің жалпы құрылымында (1-сурет) дара кәсіпкерлердің үлесі басым (63,4 %). Шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар мен шаруа немесе фермер қожалықтарының жалпы ШОК

субъектілеріндегі үлесі сәйкесінше 20,94 % және 15,47 %-ды құрайды. Аз ғана үлес орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғаларға тиесілі. Әрбір аймақтың ШОК дамыту нысандарында өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Алматы және Астана қалаларында республикалық орташа көрсеткіштермен салыстырғанда шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары үлкен дамуға ие (тиісінше 39,23 % және 35,27 %); Түркістан облысында – шаруа немесе фермер қожалықтары (48 %); Атырау және Маңғыстау облыстарында – жеке кәсіпкерлік (77,65 % және 76,41 %) басым [9].

ШОК субъектілерін қаржыландырудың маңызды сыртқы көзі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) несиелері болып табылады, олар бизнесті құру кезеңінде де, оның даму кезеңінде де қажет. 2024 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасының банк секторында 21 екінші деңгейдегі банк жұмыс жасайды, оның ішінде 12-сі шетел қатысатын банк, оның ішінде 8 еншілес банк [10]. Отандық банктердің ішінде «Отбасы банк» АҚ тек халықпен (100 %) жұмыс істейтін стратегиялық тар бағытты ұстанады. Шетелдік еншілес ұйым «Хоум Кредит Банк» АҚ. тек бөлшек несиелеуге маманданған. Қазақстандағы қалған коммерциялық банктер көп жағдайда әмбебап болып табылады. Олар корпоративтік клиенттерге және жеке тұлғаларға несие беруге мүдделі. Банктік несиелендіру нарығындағы негізгі тенденция шағын және орта бизнесті несиелендіру болып табылады, бұл іскерлік белсенділікті арттыруға бағытталған елеулі мемлекеттік қолдауға байланысты.


Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері мен Қазақстанның Даму Банкін қамтитын, бизнесті қаржылай қолдауға бағытталған елдің банк секторынан бизнеске берілетін кредиттер ағымдағы 2024 жылдың қаңтар айында 13,1 трлн теңгеден асты – бұл өткен жылмен салыстырғанда 13,1 %-ға артық (2-сурет). Несиелеу көлемінің ең үлкен өсімі шағын бизнесті несиелендіру сегментінде байқалады: шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бір жылда 25 %-ға өсіп, 5,94 трлн.теңгеге жеткен. Бұл бизнеске берілген барлық несиелердің 45 %-ын және республика экономикасын барлық салалар бойынша несиелендірудің 20 %-ға жуығын құрайды.



Сурет 2 – Кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредит көлемі (трлн.тенге)  
Ескерту – [11] негізінде автор құрастырған.

ШОК субъектілерін несиелермен қамтамасыз етуде аймақаралық дифференциация көрінеді (3-сурет). Мысалы, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің Алматы қаласындағы ШОК субъектілеріне берген кредиттері республикалық жалпы көлемнің 49,33 %-ын құрайды. Республикалық көлемде ШОК субъектілеріне берілген жалпы несие мөлшері 7,8 трлн теңгені құраса, оның ішінде 3,8 трлн теңге несие Алматы қаласындағы ШОК субъектілеріне берілген. Астана қаласындағы ШОК субъектілеріне берілген несие көлемі жалпы несиенің 16,07 %-ын құрайды. Ал жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны бойынша Алматы және Астана қаласынан кейінгі үшінші орында тұрған Түркістан облысы несие қолдану жағынан ең соңғы орынды иеленген. Түркістан облысына жалпы республикалық несие көлемінің 0,72 % ғана тиесілі. Сонымен қатар ШОК субъектілері арасында қысқа мерзімді несиелер іс жүзінде жиі ретте қолданылады.






Сурет 3 – Банк секторының ШОК субъектілеріне кредиттері бойынша аймақтардың үлесі, %

Ескерту – [11] негізінде автор құрастырған.

Экономика секторлары бойынша ШОК субъектілеріне банк несиелерінің құрылымында өзгерістер болды (4-сурет). Қаңтар 2024 жылғы жағдай бойынша несиелердің басым бөлігі өнеркәсіп және сауда (тіісінше 28,66 және 26,44 %) саласындағы ШОК субъектілеріне берілген. Өнеркәсіп секторына берілген несиелердің көлемі 2022 жылмен салыстырғанда төмендеу үрдісі көрсеткен, ал сауда секторындағы несие көлемі артқан. Сонымен қатар құрылыс және байланыс секторына берілген несие көлемі айтарлықтай төмендеген. Ал ауыл шаруашылығы және көлік салалындағы кәсіпорындарға берілген несие көлемі артуда. Несиелеудің ең аз көлемі байланыс саласында байқалады.



Қаңтар 2022 ж.

Қаңтар 2024 ж.

Сурет 4- Экономика секторлары бойынша ШОК субъектілеріне банк несиелерінің құрылымының динамикасы, %  
Ескерту – [11] негізінде автор құрастырған.

ШОК субъектілеріне берілген қарыздардың сапасы бойынша екі жылдың салыстырмалы деректері – кестеде келтірілген. Сәйкесінше 2024 жылдың қаңтар айында негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар ШОК субъектілерінің жалпы қарыздарының 95,4 %-ын құрайды. 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,2 %-ға артқан. Жалпы қарыздардың 3,2 %-ын 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар құрайды. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмендегенімен, өтелмеген қарыздардың ішінде басым бөлігін құрап отыр.

Кесте 1 – ШОК субъектілеріне берілген қарыздардың сапасы

| Көрсеткіш атауы/уақыты                                                                 | 01.01.2023                        |          | 01.01.2024                        |          | Өсімі, % |
|----------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|----------|-----------------------------------|----------|----------|
|                                                                                        | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | Үлесі, % | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | Үлесі, % |          |
| Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар (ҚР резиденттері), оның ішінде:    | 6 380,5                           | 100      | 7 651,0                           | 100,0    | 19,9     |
| Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар | 6 008,7                           | 94,2     | 7 300,7                           | 95,4     | 21,5     |

|                                                              |       |     |       |     |       |
|--------------------------------------------------------------|-------|-----|-------|-----|-------|
| 1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар  | 80,9  | 1,3 | 67,2  | 0,9 | -16,9 |
| 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар | 28,5  | 0,4 | 23,2  | 0,3 | -18,4 |
| 61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар | 13,5  | 0,2 | 15,4  | 0,2 | 14,2  |
| 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар          | 248,9 | 3,9 | 244,5 | 3,2 | -1,8  |

Ескерту – [10] негізінде автор құрастырған.

### Қорытынды

Бүгінгі таңда Қазақстанда 1,43 млн.бірлік ШОК субъектілері жұмыс істейді. Халықтың жартысынан астамын жұмыспен қамтамасыз ететін ШОК субъектілері ЖІӨ-нің 33,5%-ын құрайды. Дегенмен, бұл сегмент сектордың дамуына кедергі келтіретін, көбінесе қаржылық жағдайдың күрт нашарлауына, тіпті банкроттыққа әкелетін бірқатар проблемаларды бастан кешіруде. Негізгі проблемаларға негізгі қорлардың жетіспеушілігі, өндірілген тауарлар мен қызметтерге сұраныстың күрт төмендеуі, банктік несие ресурстарына қол жеткізудегі қиындықтар жатады. Жүргізілген экономикалық-статистикалық талдау мынаны анықтады:

Кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындардың саны артуда.

Екінші деңгейлі банктердің шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе саудаға, экономиканың осы салаларын одан әрі дамытуға ықпал ететін қызмет көрсетудің басқа да салаларына кредиттер көлемі өсуде.

ШОК субъектілерін несиелермен қамтамасыз етуде аймақаралық дифференциация көрінеді. Мысалы, Алматы қаласындағы ШОК субъектілеріне берілген кредиттер республикалық жалпы көлемнің 49,33%-ын құрайды.

ШОК субъектілері шетел валютасынан гөрі ұлттық валютадағы қысқа мерзімді несиелерді таңдайды.

ШОК субъектілерінің несиелік портфельдерінің сапасы жақсаруда. Банктік несие портфелінің сапасының нашарлауының жағымсыз жағы өтелген қарыздар көлемінің ұлғаюынан, құрылған провизиялардың төмендеуінен көрінеді.

Айта кету керек, қазіргі уақытта лизинг пен факторинг Қазақстандағы кәсіпкерлер үшін жиі банк несиелеріне балама болып табылады. Алайда, қаржыландырудың бұл түрлері жоғары шығындармен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, мемлекет лизинг нарығында үстемдік етеді, лизингті негізінен ШОК субъектілеріне емес, ірі бизнес пен мемлекеттік компанияларға береді. Нарықтың жартысын «ҚазАгроҚаржы» АҚ алып жатыр, қалғаны екінші деңгейлі банктердің еншілес ұйымдары арасында бөлінген, олар реттеуші шектеулерге байланысты еншілес лизингтік компанияларды жеңілдетілген шарттармен қаржыландыруды қамтамасыз ете алмайды, соның салдарынан лизинг құны жоғары болып қалады.

**Қаржыландыру ақпараты:** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (грант №AP19680610).

### Пайдаланғанылған деректер тізімі

1 **Сыздықова, А. О.** Түркістан облысының экономикасында шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін бағалау/ А. О.Сыздықова, Г. Ж.Азретбергенова [Текст] // Мемлекеттік аудит–Государственный аудит. – 2023. – Т. 61. – №. 4. – С. 158-169. – [10.55871/2072-9847-2023-61-4-158-169](https://doi.org/10.55871/2072-9847-2023-61-4-158-169).

2 **Calabrese, R.** Financial fragmentation and SMEs' access to finance/ R.Calabrese, C.Girardone, A.Sclip [Текст] //Small Business Economics. – 2021. – Т. 57. – P. 2041-2065. [10.1007/s11187-020-00393-1](https://doi.org/10.1007/s11187-020-00393-1)

3 **Cheong, C. W.** Credit access, tax structure and the performance of Malaysian manufacturing SMEs/C.W.Cheong, M. H. Lee, M. A.Weissmann [Текст] //International Journal of Managerial Finance. – 2020. – Т. 16. – №. 4. – P. 433–454. – [10.1108/IJMF-08-2019-0308](https://doi.org/10.1108/IJMF-08-2019-0308)

4 **Mushtaq, R.** ICT adoption, innovation, and SMEs' access to finance/ R.Mushtaq, A.A.Gull, M. Usman [Текст] //Telecommunications Policy. – 2022. – Т. 46. – №. 3. – С. 102275. – [10.1016/j.telpol.2021.102275](https://doi.org/10.1016/j.telpol.2021.102275)

5 **Rakhimzhanova, K. K.** Analysis of the current state of problem loans in second-tier banks/ K. K.Rakhimzhanova, S. B.Makhysh [Текст] // Economic series of the Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. – 2020. – №. 4. – P. 158-166. – [10.32523/2079-620X-2020-4-158-166](https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-158-166)

6 **Kuchukova, N. K.** Financial aspects of the innovative model of economic growth of Kazakhstan in the new global reality/ N. K. Kuchukova, L. A.Talimova [Текст] //Bulletin of Tver State University. Series: Economics and Management. – 2020 – №2(50). – С. 7–16.

7 **Kantoroyeva, G. K.** Lending to the real sector of the economy by banks of Kazakhstan/ G.K.Kantoroyeva, M. T. Zholamanova, A. E. Zhamieva [Текст]//

Economic series of the Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. – 2019. – No. 4. – С. 141–150. – [10.32523/2079-620X-2019-4-141-150](https://doi.org/10.32523/2079-620X-2019-4-141-150)

8 **Kalkabayeva, G.** Availability of bank loans for economic entities in Kazakhstan: assessment of the interrelation of influencing factors/ G.Kalkabayeva, A.Kurmanalina, Yu. Sayfullina [Текст] // Economic series of the Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. – 2023. – №. 4. – P. 236-248. – [10.32523/2079-620X-2020-4-158-166](https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-158-166)

9 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Салалар бойынша ресми статистика.- [Электронды ресурс]: – <https://old.stat.gov.kz/official/industry> (Қарау күні: 10.02.2024)

10 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. ҚР банк секторының ағымдағы жағдайы. – [Электронды ресурс]: – <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/582640?lang=kk> (Қарау күні: 10.02.2024)

11 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Экономикаға банк секторының кредиттері. – [Электронды ресурс]: – <https://nationalbank.kz/kz/news/kredity-bankovskogo-sektora-ekonomike> (Қарау күні: 05.02.2024)

## References

1 **Syzdykova, A.O., Azretbergenova, G.Zh.** Turkistan oblysynyn jekonomikasynda shagyn zhane orta kasipkerlikтин ylesin bagalau [Assessment of the contribution of small and medium enterprises in the economy of turkistan region] [Text]. Memleketтик audit–Gosudarstvennyj audit. – 2023. – Vol. 61. – No 4. – P. 158-169. – <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2023-61-4-158-169>.

2 **Calabrese, R., Girardone, C., Sclip, A.** Financial fragmentation and SMEs' access to finance [Text]. Small Business Economics. – 2021. – Vol. 57. – P. 2041-2065. – <https://doi.org/10.1007/s11187-020-00393-1>

3 **Cheong, C. W. H., Lee, M. H., Weissmann, M. A.** Credit access, tax structure and the performance of Malaysian manufacturing SMEs [Text]. International Journal of Managerial Finance. – 2020. – Vol. 16. – No 4. – P. 433–454. – <https://doi.org/10.1108/IJMF-08-2019-0308>

4 **Mushtaq, R., Gull, A. A., Usman, M.** ICT adoption, innovation, and SMEs' access to finance [Text]. Telecommunications Policy. – 2022. – Vol. 46. – No 3. – P. 102275. – <https://doi.org/10.1016/j.telpol.2021.102275>

5 **Rakhimzhanova, K. K., Makhysh, S. B.** Analysis of the current state of problem loans in second-tier banks [Text]. Economic series of the Bulletin of the L.

N. Gumilev ENU. – 2020. – No 4. – P. 158–166. – <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-158-166>

6 **Kuchukova, N. K., Talimova, L.A.** Financial aspects of the innovative model of economic growth of Kazakhstan in the new global reality [Text]. Bulletin of Tver State University. Series: Economics and Management. – 2020 – No 2 (50). – P. 7–16.

7 **Kantoroyeva, G.K., Zholamanova, M.T. and Zhamieva, A.E.** Lending to the real sector of the economy by banks of Kazakhstan [Text]. Economic series of the Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. – 2019. – No. 4. – P. 141-150.– <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2019-4-141-150>

8 **Kalkabayeva, G., Kurmanalina, A., Sayfullina, Yu.** Availability of bank loans for economic entities in Kazakhstan: assessment of the interrelation of influencing factors [Text]. Economic series of the Bulletin of the L.N. Gumilev ENU. – 2023. – No 4. – P. 236-248. – <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-158-166>

9 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalar agenttigi Ulttyq statistika burosy. Salalar boynsha resmi statistika, [Bureau of national statistics agency for strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan, Statistics by industry] [Electronic resource].– <https://doi.org/https://old.stat.gov.kz/official/industry> (Date of access: 10.02.2024)

10 Qazaqstan Respublikasynyn Qarzhy narygyn retteu zhәне damytu agenttigi. QR bank sektorynyn agymdagy zhagdajy. [Financial Market Regulation and Development Agency of the Republic of Kazakhstan. The current situation of the banking sector of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]: – <https://doi.org/https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/582640?lang=kk> (Date of access: 10.02.2024)

11 Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq Banki. Jekonomikaga bank sektorynyn kreditteri. [National Bank of the Republic of Kazakhstan. Credits of the banking sector to the economy] [Electronic resource]: – <https://doi.org/https://nationalbank.kz/kz/news/kredity-bankovskogo-sektora-ekonomike> (Date of access: 05.02.2024)

26.02.24 ж. баспаға түсті.

05.03.24 ж. түзетулерімен түсті.

31.07.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. О. Сыздықова

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан

Поступило в редакцию 26.02.24

Поступило с исправлениями 05.03.24

Принято в печать 31.07.24

## **АНАЛИЗ КРЕДИТОВАНИЯ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ**

*Аннотация. Малое и среднее предпринимательство (МСП), являющееся одной из основ экономики Казахстана, играет решающую роль в достижении целей устойчивого развития страны. Субъекты МСП обогащают экономическую экосистему такими факторами, как повышение занятости, инновации и укрепление конкурентоспособности. Вклад субъектов МСП в экономику Казахстана существенно растет. В 2022 году доля совокупной добавленной стоимости малых и средних предприятий в ВВП составит 33,5%. Однако трудности, с которыми эти предприятия имеют доступ к финансам, могут помешать им реализовать весь свой потенциал. В этом контексте потребности в финансировании субъектов МСП, особенно ссуд МСП, стали серьезной проблемой как с точки зрения их потенциала для поддержки экономического роста, так и с точки зрения финансовой доступности. В статье проанализированы основные вопросы, такие как текущее состояние кредитов МСП в Казахстане, модели финансирования, нормативная база и перспективы на будущее. В исследовании использовались общенаучные методы сравнительного и динамического анализа, комплексная оценка кредитных инвестиций в экономику Казахстана и др. Информационную базу исследования составляют официальные статистические данные Бюро национальной статистики Республики Казахстан и Национального банка. Это исследование направлено на то, чтобы внести свой вклад в укрепление этого важного сектора, который поддерживает экономический рост Казахстана.*

*Ключевые слова: малое и среднее предпринимательство, предприятие, индивидуальное предпринимательство, кредит, банки второго уровня, отрасли экономики*

A. Syzdykova

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,  
Turkestan, Republic of Kazakhstan

Received 26.02.24

Received in revised form 05.03.24

Accepted for publication 31.07.24

## **ANALYSIS OF LENDING TO SMALL AND MEDIUM ENTERPRISES IN KAZAKHSTAN**

*Small and medium-sized enterprises (SMEs), considered one of the foundations of Kazakhstan's economy, play a crucial role in achieving the country's sustainable development goals. SMEs enrich the economic ecosystem with factors such as increasing employment, strengthening innovation and competitiveness. The contribution of SMEs to the economy of Kazakhstan is growing significantly. In 2022, the share of the total added value of small and medium enterprises in GDP was 33.5%. However, these enterprises' difficulties in accessing finance may prevent them from realizing their full potential. In this context, financing needs of SMEs, especially SME loans, have become an important issue both from the point of view of their potential to support economic growth and from the point of view of financial availability. The article analyzed the main issues such as the current situation of SME loans in Kazakhstan, financing models, regulatory framework and future prospects. In the course of research, general scientific methods of comparative and dynamic analysis, comprehensive assessment of credit investments in the economy of Kazakhstan, etc. was used. The information base of the research is made up of the official statistical data of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan and the National Bank. This study aims to contribute to the strengthening of this important sector that supports the economic growth of Kazakhstan.*

*Keywords: small and medium enterprises, enterprise, individual business, credit, second-level banks, economic sectors.*



Теруге 02.09.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4278

Сдано в набор 02.09.2024 г. Подписано в печать 30.09.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4278

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)

[www.vestnik-economic.tou.edu.kz](http://www.vestnik-economic.tou.edu.kz)